

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ

«АРАЛ АУДАНДЫҚ КӨП БЕЙІНДІ
ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫНЫ



УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ
«АРАЛЬСКАЯ МНОГОПРОФИЛЬНАЯ
ЦЕНТРАЛЬНАЯ РАЙОННАЯ БОЛЬНИЦА »

120100 Арал қаласы, Сырым батыр даңғылы, 1
тел.8(72433) 2-06-66
E-mail:crb-aral@mail.ru

120100 город Аральск, проспект Сырым батыра, 1
тел.8(72433) 2-06-66
E-mail:crb-aral@mail.ru

Шығ. № 01.1.8/11
« 10 » қаңтар 2024 жыл.

Қызылорда облысының білім
басқармасының Арал ауданы
бойынша білім бөлімінің №19
орта мектебі» КММ директоры
Л.Есжановаға

«Арал аудандық көпбейінді ортадық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ны
әкімшілігі Сізден, Арал ауданы, Жақсықылыш кенті, Жақсықылыш ауылы,
Жақсықылыш көшесі №70 мекен-жайында орналасқан Қызылорда
облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің
«№19 орта мектебі» КММ-сі ғимаратының бірінші қабатының, кадастрлық
нөмері 10-147-011-1268-1/А ауданы 29,8 ш.м. болатын медициналық пункт
бөлмесін өтеусіз пайдалануға келісім беруіңізді сұрайды.



Басқармасы

Б.М.Қуанышбаев

КЕЛІСІМ ШАРТ

Арал қаласы

№ 05

«05» маусым 2024 жыл.

«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің №19 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, оның атынан әрекет етуші мектеп директоры Л.Есжанова бұдан әрі қарай «Баланс ұстаушы» және «Арал аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, оның атынан әрекет етуші, бас дәрігер Қуанышбаев Б.М., бұдан әрі қарай «Пайдаланушы» болып, «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «23» мамыр 2024 жылғы №01-17-298 санды бұйрығының негізінде төмендегідей келісім шарт жасадық:

1. Келісім шарттың негіздемесі

1.1. Шарттың негіздемесі болып «Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің №19 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміндегі мына мекен-жай бойынша орналасқан: Арал қаласы, Жақсықылыш кенті, Жақсықылыш көшесі №70 үй-жай ғимаратының жалпы көлемі 29,8 ш.м. болатын медициналық пункт бөлмесін мерзімсіз уақытқа өтеусіз пайдалануға беріледі.

2. Пайдалануға өткізу талаптары

2.1. «Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің №19 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміндегі мектеп ғимаратының жалпы көлемі 14,7 ш.м. және 29,8 ш.м. болатын медициналық пункт бөлмесін пайдаланушыға медициналық қызмет көрсету мақсатында өтеусіз пайдалануға беріледі.

2.2. Мүлікті пайдалануға беру оған меншік құқығының «Пайдаланушыға» өтуіне әкеліп соқтырмайды.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. «Пайдаланушының» құқықтары:

3.1.1. «Объектіні» осы Шартта көрсетілген талаптарға сәйкес пайдалануға;

3.1.2. Осы Шарттың аясында, «Баланс ұстаушының» құқықтарына нұқсан келмейтін жағдайда, «Объектіні» пайдаланудың нысаналы мақсатынан ауытқымайтын шекте, мекеменің жарғысына (ережесіне) сәйкес, заңды әрекеттер жасауға;

3.1.3. «Объектіні» пайдалануда шарт талаптарын мүлтіксіз орындаған жағдайда шарт мерзімін ұзартуға құқығы бар.

3.2. «Пайдаланушының» міндеттері:

3.2.1. «Объектіні» тек келісім шартта көрсетілген нысаналы мақсатта (қызметтік кеңсе ретінде) пайдалануға;

3.2.2. «Объектіні» жарамды жағдайда ұстауға, «Объектіні» зақымдануға, жарамсыздыққа әкеліп соқтыратын әрекеттерге бармауға;

3.2.3. «Баланс ұстаушының» келісімінсіз қабырғасын бұзу немесе жылжытуды, үйдің жоспарын өзгертуді, үйдің мақсатты пайдаланылуын өзгертуді қоса алғанда, өзгеріс енгізуге құқылы емес;

3.3. «Баланс ұстаушы» құқықтары:

3.3.1. Осы шарттың қолданылу мерзімі ішінде Шарт талаптарының орындалуына бақылау жүргізуге, «Пайдаланушыдан» осы Шарт талаптарының орындалуы туралы мәлімет сұратуға және алуға;

3.3.2. Келісім шарт талаптары орындалмаған жағдайда, ол жөнінде 1 ай бұрын «Пайдаланушыны» ескерте отырып, бір жақты тәртіппен келісім шартты бұзуға.

3.2.3. Өртке қарсы, санитарлық және қолданылып жүрген заңнамада белгіленген өзге де нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;
3.2.4. «Объектіге» және оған тиісті бөлімшеге санитарлық бақылау қызметі және өрт қауіпсіздігін сақтау қызметінің, ғимаратты басқаруда басқа да заң мен нормалардың сақталуын бақылайтын қызметкерлерді кіргізуге, олар анықтаған заң бұзушылықтарды уақытылы жоюға міндетті.

4. Ерекше талаптар

- 4.1. Осы шарттың талаптарын бұзған тараптар («Пайдаланушы» немесе «Баланс ұстаушы») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады;
- 4.2. Осы шарт келесі жағдайларда **бұзылуы мүмкін**:
- 4.2.1. Мына жағдайларда «Баланс ұстаушы» тарапынан бір жақты тәртіппен:
- «Пайдаланушы» осы шарттың талаптарын бұзған не тиісінше орындамаған жағдайда;
 - «Пайдаланушының» жазбаша келісімімен оған басқа объект ұсыныла отырып;
 - «Пайдаланушының» осы Шартқа қатысты құқықтары мен міндеттерін «Баланс ұстаушы» жазбаша келісімінсіз басқа тұлғаға беруі;
- 4.2.2. «Пайдаланушының» жазбаша өтініші бойынша.
- 4.2.3. Осы Шартта және заңнамада көрсетілген басқа да жағдайларда.
- 4.4. Келісім шарт бұзылған жағдайда, келесі пайдаланушыға өткізілгенге дейін «Объектінің» сақталуын «Пайдаланушы» қамтамасыз етеді.
- 4.5. Тараптардың осы шартта көрсетілмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен реттеледі, келіспеушіліктер екі жақты пікір алмасу және келіссөздер арқылы шешіледі.
- 4.6. Тараптардың өзара келісімімен Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, осы Шартты іске асыру мақсатында қажетті қосымша келісім шарттар жасасуға құқығы бар.
- 4.7. Осы шарт қазақ тілінде, бірдей заңдылық күші бар 2 данада жасалды, бір данасы «Баланс ұстаушыда», екіншісі «Пайдаланушыда» сақталады.
- 4.8. Осы Шарт тараптармен қол қойылғаннан күннен бастап күшіне енеді және келісім шартта аталған мерзімге дейін күшінде болады.

Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік деректемелері:

«Баланс ұстаушы»

«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің №19 орта мектебі» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қызылорда обл, Арал ауданы,
Жақсыкылыш кенті,
Жақсыкылыш көшесі №70 үй

Мектеп директоры

М.О.



Л.Есжанова

«Пайдаланушы»

«Арал аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК

120100, РК, Қызылорда обл.
Арал қаласы, Сырым батыр даңғылы №1.
АО Халық Банкі.
БСН 140140016919

БСН 140140016919
ЖСН KZ246010201000189582

Тел. 8 (72433) 2-14-46

Бас дәрігер

Қуанышбаев Б.М.

